

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» акционерлік емес қоғамының Жалпы акционерлер жиналысының шешімімен
БЕКІТІЛДІ
(2019 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 03/19 хаттама)

**«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес қоғамының 2020-2024 жж.
ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жыл

Құрылымы:

- I. Ағымдағы жағдайды талдау
 - II. Миссия және пайым
 - III. Стратегиялық мақсаттар, міндеттер және күтілетін нәтижелер
 - IV. Қызметтердің негізгі көрсеткіштері
 - V. Қоғамның Даму стратегиясын іске асыру жоспары.
- Қосымшалар

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылы қыркүйекте БҰҰ 70-ші Бас Ассамблеясында мәлімдеген бастамасы шеңберіндегі тапсырмасы бойынша «АСТАНА - ЭКСПО - 2017» халықаралық көрмесінің инфрақұрылымы мен мұрасы базасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 224 қаулысымен құрылды.

I. Ағымдағы жағдайды талдау

2000 жылдың басынан бастап Қазақстанның экономикалық дамуы өндіруші саланың ұлғаюына тәуелді болып келеді, мұның өзі елдің сыртқы нарықтық тоқыраулар алдында әлсіз болуына әкеп соқты.

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында кәсіпорындарға қойылатын энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу талаптарын арттыру қажеттілігі, сондай-ақ энергия өндірушілердің жұмысының экологиялық тиімділігі мен тиімділігі, бизнесті "жасыл" технологияларға инвестициялау қажеттілігі туралы айтылды.

Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаев 2019 жылғы қыркүйектегі БҰҰ климат жөніндегі саммитінде (бұдан әрі – Саммит) сөйлеген сөзінде қоршаған орта жағдайының нашарлауы әлемдегі тұрақсыздандырғыш факторлардың бірі болып тұрғанын атап көрсетті. Орталық Азиядағы климат өзгерістерінің әсері кейіннен жерлердің шөлейттенуі, мұздықтардың еруі және ауыз су мен суармалы судың азаюы сияқты экзистенциалдық сипаттағы күрделі мәселелерді туғызады.

Саммитте ұсынылған БҰҰ баяндамасында Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін қоршаған ортаның жағдайын нашарлату есебінен экономикалық дамуды іске асыратын жағдайды түпкілікті өзгерту қажеттігіне баса назар аударылады. Осыған байланысты есепте мемлекеттердің технологиялар мен білімге қолжетімділігін кеңейту қажеттігі атап көрсетіледі.

Осылайша «жасыл» технологиялар трансферті және «жасыл» экономика аспектілерін енгізу жаңа тренд қана емес, адамзаттың тіршілігін қамтамасыз ететін және тұрақты дамуға қол жетізетін жүйе болып отыр.

2016 жылы Қазақстан ЭЫДҰ «Жасыл даму» туралы декларациясына қосылды, оған сәйкес қол қойған мемлекеттер «жасыл даму» стратегиясын іске асыру, «жасыл» инвестицияларды көтермелеу және табиғи ресурстарды тұрақты басқару, сондай-ақ экологиялық зиянды шараларды жою мақсатында ішкі саясатты реформалау бойынша өздерінің күш-қимылдары туралы мәлімдейді. Қазіргі уақытта көптеген халықаралық даму банктері тек «жасыл» жобаларды ғана инвестициялауға шешім қабылдады.

Қазақстан Рио+20 Дүниежүзілік саммитінен кейін стратегиялық құжат - «Жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасын (бұдан әрі - Тұжырымдама) мемлекеттік деңгейде қабылдаған әлемдегі бірінші мемлекет болды. Біздің еліміз парниктік газдар шығарындыларына қазақстандық квота сату жүйесін, энергия тиімділігі және жаңармалы энергия көздерін пайдалану саясатын дамытуды қоса алғанда, Тұжырымдаманы қолдаудағы реттеушілік реформа саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді.

«Жасыл» дамуға арналған ғаламдық институционалдық арена халықаралық даму институттарының қатысушыларының, сонымен қатар «жасыл» даму стратегиясы мен бағдарламасын енгізіп жатқан мемлекеттердің үкіметтерінің арқасында кеңейіп жатыр. Жекелеген мемлекеттердің мұндай белсенді күшейіп келе жатқан қызметтері мен тәжірибесі жасыл дамуға инвестициялаудың айқын басымдықтарын көрсетеді. Бұл ретте жаңа бағдарламалардың халықаралық мемлекеттік қаржылай қолдауы күн санап өсіп келе жатқан бәсекелестіктің объектісі болып отыр.

Сонымен бірге «жасыл» дамуға инвестициялауда да бірқатар стандартты кедергілер бар. Бұл кедергілер мемлекет, экономика сегменті немесе нақты жоба деңгейінде туындауы мүмкін және мемлекеттік секторға, сол сияқты жеке секторларға да тән.

«Жасыл» дамуға инвестициялаудағы стандартты кедергілер


<i>Санаты</i>	<i>Кедергілер</i>
Коммерциялық тәуекелдер	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Капиталға қолжетімділіктің болмауы</i> • <i>Технологиялық тәуекелдер</i> • <i>Елдегі инвестициялық климат</i> • <i>Сақтандыруға қолжетімділіктің болмауы</i>
Технологияға немесе өнімге байланысты тәуекелдер	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Технология құнының айырмашылықтары</i> • <i>Зияткерлік меншіктің нашар қорғалуы</i> • <i>Демонстрациялық жобалардың болмауы</i>
Саяси орта	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Саяси институттардың әлсіздігі</i> • <i>Жүйесіз саясат</i>
Әлеует пен дағдылар	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Жергілікті институттардың төмен әлеуеті</i>

	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Техникалық әлеуеттің жеткіліксіздігі</i>
Ынтымақтастық пен серіктестік	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Нашар дамыған ынтымақтастық</i> • <i>Жеткізу секторлары мен тізбектеріндегі</i>
Ақпарат пен білім	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Деректерді түсіндіру кезіндегі қиындықтар</i> • <i>Оң тәжірибе алмасу мысалдары аз</i>

Жергілікті жерлерде мүдделі тараптармен бірлесіп, осы кедергілерге (тәуекелдерге) зерттеулер жүргізу қажет, олардың нәтижесінде жасыл экономикаға көшудің және тұрақты даму мақсаттарын іске асырудың түйінді проблемалары, атап айтқанда жасыл инвестициялар мен технологияларды тарту проблемалары және оларды еңсеру жолдары айқындалуы тиіс.

«Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасындағы бағалауларға сай инвестицияларға деген жалпы қажеттіліктер энергиямен жабдықтау, су ресурстары, атмосфералық ауаның ластануы, қалдықтармен жұмыс істеу және ауыл шаруашылығын жүргізудің тиімді әдістерін қамтиды. Тұжырымдамада инвестицияның қомақты бөлігі жеке сектордың мұндай инвестицияларды ынталандыру бойынша көздері мен шараларын көрсетпей, жеке инвесторлардың қаражатын тарту арқылы жүзеге асырылатыны жобаланған.

Общие потребности в инвестициях для реализации Концепции по переходу к «зеленой экономике» по секторам, 2016–2050 гг., млрд. долларов США



Мемлекеттік қаржы мекемелері мен жеке сектор «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі іс-шараларға қаражатты инвестициялауға қызығушылық танытуда. Алайда қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі жөніндегі, сондай-ақ инвестицияларды ынталандыру үшін жалпы қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі саясат шаралары Тұжырымдамада көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін қосымша қаржыландыруды жұмылдыру үшін жеткіліксіз.


Қазіргі уақытта елімізде қоршаған орта саласындағы жобаларға

мемлекеттік инвестицияларды қаржыландыруға арналған арнайы мемлекеттік қор жоқ. Еліміздің «жасыл экономикаға» көшуіне ықпал ететін жобаларға қаражат салатын бірнеше мемлекеттік қаржы мекемелері бар («Бәйтерек» Ұлттық басқарушы Холдингі АҚ («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Қазақстанның Даму банкі (ҚДБ)), «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және басқалары). Алайда осыған сәйкес елімізде «жасыл қаржыландыру» саласындағы қызметтердің түрлеріне нақты анықтама берілмеген және ұлттық деңгейде келісілетін және осы мемлекеттік мекемелер ұсына алатын тиісті құралдар да жоқ. Оған қоса бұл мекемелер өздерінің корпоративтік негіздемелік басқару бағдарламаларында климатқа немесе қоршаған ортаға байланысты тәуекелдерді есепке алуға міндетті емес.

Осы тәуелсіз қорлардың және ҚДБ белгілі бір тәжірибесі болғанымен, қазіргі уақытта оларда Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшуін қолдау бойынша нақты тұжырымдалған өкілеттілік жоқ. Оларға мұндай өкілеттілік беру ұлттық қорлар мен банктердің жарғылық құжаттарына белгілі бір өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді (мысалы, 2014–2023 жылдарға арналған ҚДБ даму стратегиясы). Осының нәтижесінде тәуелсіз қорлар мен банктер «жасыл» жобаларды, әсіресе мол тәуекелді капиталды және тәуекелді азайту құралдарын талап ететін энергия тиімділігін арттыру және қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды іске асыруға (мысалы, акционерлік капиталды инвестициялау) мемлекеттік қаржыландырудың үлкен көлемін бағыттай алар еді (мысалы, кепілдіктер).

2012–2016 жылдар кезеңінде даму мақсаттарын қаржыландыратын Қазақстанда климаттық жобаларды іске асыруға көпжақты және екіжақты құрылымдар 1,76 млрд. жуық АҚШ долларын бөлді, мұның өзі орта есеппен алғанда жылына шамамен 352,2 млн. АҚШ долларын құрайды (3.6-сурет). Қаржыландырудың көп бөлігі климатқа әсер етуді азайтуға (87%), 8% – климаттың өзгерістеріне бейімделуге және 5% – әсер етуді азайту және бейімделу бойынша көп мақсатты жобаларға бағытталған.

Көп жақты және екіжақты негізде көмек көрсететін құрылымдар бөлген 2012-2016 жылдарға арналған даму мақсатындағы климаттық қаржыландырудың жылдық көлемі, АҚШ долларымен



Дереккөзі: <http://www.oecd.org/dac/stats/climate-change.htm>

Бұл жобалар «даму мақсатындағы климаттық қаржыландыру» деп белгіленгеніне қарамастан, олардың көпшілігі биоалуандықты сақтау, ауаның ластануына қарсы күрес, экологиялық таза қозғалыс құралдары, сумен жабдықтау мен су тарту және қалдықтармен жұмыс істеуді қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқа да міндеттерді шешуге бағытталған.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) 2015 жылы құрылды және 2018 жылы толық жұмыс істей бастады. АХҚО басым міндеттерінің бірі қажетті жағдайлар мен инфрақұрылымды қамтамасыз ету арқылы «жасыл» қаржыландыруды дамытуға көмектесу болып табылады. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап АХҚО жалпы ағылшық құқығы қағидаттарына негізделген, салық режимі жеңілдетілген және тәуелсіз қаржы соты бар тәуелсіз юрисдикция болып табылады. АХҚО экологиялық таза жобаларға инвестициялау, «жасыл» облигацияларды шығару үшін «жасыл» қаржыландыру және кредит беру үшін Лондон қаржы биржасы, NASDAQ және Шанхай қор биржасы сияқты қаржы юристерімен серіктестік қатынастар орнатты. Осыған сәйкес жасыл жобалар, әлеуетті инвесторлар мен эмитенттерді іздеу, жасыл жобаларды бірлесіп таксономиялау, зерттеулер жүргізу және т.б. үшін АХҚО қаржыландыру құралдарын бұдан әрі тарту бөлігінде Қоғамның міндеті АХҚО-мен ынтымақтастық жасау болып табылады. АХҚО мен Қоғам арасындағы ынтымақтастықтың Жол картасына қол қойылды.

Қазақстанның алдында тұрақты, үйлестірілген «жасыл» дамуға қол жеткізу бойынша ауқымды міндеттер тұр. Ол үшін мемлекеттік басқару, инновациялар мен технологиялар трансфері, экономиканың ашықтығы мен бәсекеге қабілеттілігін артыру, экологиялық және әлеуметтік бағдарланған дамуға ықпал ету, біліммен, жұмыспен қамту және басқа экономикалық мүмкіндіктермен жаппай қол жетімділікті қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруге бағытталған одан арғы өзгертулер талап етіледі.

Ескірген технологияларды қолданатынына байланысты Қазақстан әлемдік энергия сыйымдылығы рейтингінде сегізінші орында тұр. Сондықтан кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау үшін базалық салаларға субсидиялар мен дотациялар қажет (мысалы, америкалық Энергетикалық даму агенттігінің деректері бойынша Қазақстан энергетика мен көмір өндірісін жанама түрде субсидиялауға 4 млрд. астам АҚШ долларын жұмсайды).

«Жасыл» технологияларды енгізу ұлттық экономиканың энергия сыйымдылығын арттыруға мүмкіндік береді және субсидиялау қажеттілігін азайтады.

2019 жылы салалар мен аймақтар тұрғысында кәсіпорындардың «жасыл» технологияларды пайдалануы жөніндегі деректерді талдау және жинау бойынша Қоғам жүргізген зерттеу нәтижесінде кәсіпорындардың «жасыл» технологияларды енгізуге қызығушылығы мен хабардарлығының төмендігі анықталды. Бұл – қазіргі уақытта «жасыл» технологиялар нарығының нашар дамуына байланысты, «жасыл» технологиялар бойынша әдіснама мен терминология, «жасыл» технологиялардың сыныптамасы (таксономия) жоқ,

«жасыл» технологияларды енгізу бойынша статистикалық (елдік және өңірлік) ақпарат жоқ, «жасыл» технологияларды пайдалану кезінде бизнеске қолдау көрсететін шаралар әлсіз, оларды қолданғаннан кәсіпорындарда экономикалық нәтиже жоқ.

«Жасыл» технологиялар саласындағы ұлттық саясатты қолдау және дамыту әрі «жасыл» бизнесті дамытуға көмектесу Қоғам қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Ол үшін нарықтың қатысушыларын, олардың атқарымдарын, жауапкершілігін, өкілеттілігін және басқасын анықтап алып, заңнамалық негіздер әзірлеу, жасыл технологиялар мен технологиялар трансферті бойынша әдіснама жасау, халықаралық тәжірибе негізінде отандық және шетелдік технологиялар тізімін құру, халықаралық қаржы ұйымдарынан және т.б. қаржы тарту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру қажет.

«Жасыл» технологиялар нарығын жетілдіру нәтижесінде Қазақстанның ғаламдық «жасыл» технологиялар нарығына табысты интеграциялануына мүмкіндік туады, жасыл жобалар шетелдік инвесторлар үшін экономикалық тұрғыда тартымды болады. Бизнес-қауымдастық Қазақстанның Париж келісіміне сәйкес міндеттемелерін орындауына оң әсерін тигізетін инвестициялық жобаларды өз бетінше іске асыра алады.

Қоғам келешекте инвесторлардың жұмысына жайлы жағдай жасай отырып, «Бір терезе» қағидаты бойынша «жасыл» экономика саласындағы бизнес-жобаларға құқықтық және техникалық қолдау көрсетпек.

Қоршаған ортаны қорғау саласында қалыптасқан жағдай, экологиялық тиімсіз жабдықтармен жұмыс істейтін кәсіпорындардың қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету деңгейінің жүйелі түрде артуы, сонымен қатар халықаралық қатынастарды ғаламдық экологияландыру Қазақстанда қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесіне ерекше назар аударуды талап етеді.

ЭЫДҰ, ЕО, Ресей және басқа да елдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесіне сәйкес мемлекеттің қажетті ынталандырушы шараларын ұйымдастыра отырып, Қазақстанның табиғат пайдаланушыларының ең озық қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) қағидаттарына жүйелі көшуіне құқықтық негіздерді қалыптастыру Қоғамның негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Қоғам 2018 жылы ҚР Энергетика министрлігінің тапсырысы бойынша Қазақстанның ең озық қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) қағидаттарына көшуі жөніндегі тұжырымдама жобасын (бұдан әрі – ЕҚТ тұжырымдамасы) әзірледі. Бұл ЕҚТ тұжырымдамасы мемлекеттік органдар, бизнес құрылымдар, азаматтық қоғам мен ғылымның өзара әрекеттесу тетіктерін сипаттау арқылы институционалдық негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Аталған құжаттардың негізгі ережелері Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі әзірлеген Экологиялық кодекс жобасында ескерілді. Қоғам сондай-ақ ЕҚТ Бюросын құру және оның жұмыс істеуі кезінде ЕҚТ тұжырымдамасында баяндалған негізгі тұжырымдарды басшылыққа алады.

Қазақстанның энергетикалық кәсіпорындарының ЕҚТ қағидаттарына көшу мүмкіндіктері бойынша бөлек аналитикалық шолу жасалды. Бұл

кәсіпорындар қоршаған ортаны ластандыру жағынан, сол сияқты парниктік газдардың шығарындылары бойынша Қазақстанда анағұрлым проблемалық кәсіпорындар болып табылады.

ЕҚТ қағидаттарына көшу халықтың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортамен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және биоалуандықты сақтау бойынша мемлекеттік міндеттерді іске асыруға, сонымен қатар кәсіпорындардың және басқа ұйымдардың ұлттық реттеуші органдар белгілеген және тиісті халықаралық сапа стандарттарына сәйкесетін талаптар мен көрсеткіштерді орындауға негізделген өндірістік қызметтерін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

- ЕҚТ қағидаттарына көшу басты-басты үш міндетті шешуге көмектеседі
- қазақстандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
 - лас технологиялар импортына кедергі құру;
 - елдің экологиялық қауіпсіздігін арттыру.

Жасыл технологияларды дамыту бойынша халықаралық тәжірибеге шолу

Соңғы жылдары экологиялық дамуға бағдарланған стратегияны іске асыру жағдайында «жасыл технологиялар» жеделдетілген қарқынмен дамуда. Мемлекеттік саясаттың әртүрлі шаралары, сонымен қатар тұтынушылардың сұраныстарына байланысты жылдам өсіп келе жатқан экологиялық нарықта бизнеске берілетін жаңа мүмкіндіктер дамудың маңызды ынталандырмасы ретінде қызмет етеді.

Шығыны аз, қалдығы аз, уыттылығы аз «жасыл технологиялар» жағына қарай технологиялық парадигманың ауысуы және өндірістің әртараптандырылуы ХХ ғасырдың аяғында іске асырылды және іс жүзінде технологиялардың барлығын, бұрыннан қолданылатындарын да, сол сияқты жаңа әзірленіп жатқандарын да қамтыды. Осыған байланысты дамыған елдерде табиғатты жөнсіз пайдаланып, оны ластап жатқан адам баласының өзінен ғаламшарды қорғайтын уақыттың келіп жеткенін түсіне отырып, азаматтар үкіметпен бірге міндеттер қояды және қоршаған ортаны және адамды адамның өзінен қорғау бойынша интернационалдық сипатта бағдарламалар қабылдайды. «Жасыл технологиялар» деп аталатын ғылым мен тәжірибенің жаңа бағыты осы сын-қатерлерге жауап болып отыр.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) жіктеуіне сай «жасыл технологиялар» мынадай салаларды қамтиды:

- жалпы экологиялық басқару (қалдықтарды басқару, судың, ауаның ластануына қарсы күресу, жерлерді қалпына келтіру);
- жаңармалы көздерден энергия өндіру (күн энергиясы, биоотын және басқасы), климат өзгерістерінің салдарын жеңілдету, атмосфераға зиянды шығарындыларды төмендету, отынды пайдалану тиімділігін, сондай-ақ ғимараттар мен тұрмыстық аспаптардың энергия тиімділігін арттыру.

Қазіргі уақытта «жасыл технологиялар» қазіргі және болашақтағы қоғамның тұрақты дамуы бойынша ғаламдық міндеттерді шешу мақсатында өндіріс, тұтыну, менеджмент және өндірісті ұйымдастыру әдістерінен басқа компания қызметінің барлық тізбектеріне енгізілуде, атап айтқанда:

- зиянды өндірісті түрлендіру және ауыстыру;
- энергияның жаңа баламалы түрлерін және жаңа отын түрлерін дамыту;
- қауіпсіз әрі қолжетімді азық-түлік пен судың жаңа тәсілдерін іздеу;
- атмосфераны, топырақты, тұщы су мен дүниежүзілік мұхитты ластанудан қорғау;
- демографияны жүйелі реттеу.

Дамыған елдердің көпшілігінде экологиялық технологиялар мен инновацияларды әзірлеуді ынталандырудың ауқымды мемлекеттік жоспарлары мен бағдарламалары қолданылады, арнайы зерттеу орталықтары мен қорлар құрылады. Стандарттар, салықтар, субсидиялар және мемлекеттік саясаттың басқа да шаралары «жасыл технологияларды» дамытудың маңызды ынталандырмасы ретінде қолданылады. Табиғатты қорғау технологияларын дамытуды қолдауға бағытталған бағдарламалардың көпшілігі АҚШ-та қолданылады, ал ЕО-да ғылыми-технологиялық шаралардың жетінші негіздемелік бағдарламасына сәйкес 2007-2013 жылдары экологиялық таза технологияларды дамытуға 10 млрд. евро жұмсалды.

Экологиялық технологияларға жылдам дамып келе жатқан елдер тарабынан ерекше назар аударылуда. Мысалы, Қытай мен Үндістанда оларды әзірлеуге едәуір қаражат бөлінеді. Қытайда 1600 мемлекеттік инкубатор мен ғылыми парк жұмыс істейді, олардың көбісі экологиялық таза технологияларды әзірлеу бойынша жобаларға тартылған. Осының нәтижесінде Қытай жел энергетикасын, биоотын өндірісін және экологиялық таза көмірді пайдалануды қоса алғанда, алты негізгі облыстағы патенттер бойынша көшбасшы позицияны иемденіп отыр.

«Жасыл технологиялардың» негізгі бөлігі салыстырмалы түрде біршама елде ғана шоғырланған, осыған сәйкес әртүрлі елдер әртүрлі технология түрлеріне маманданған. Су және ауаның ластануымен күрес жүргізу, қалдықтарды басқару бойынша технологиялар Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) мемлекеттерінде дамытылуда: Австралияда – судың ластануымен күресу бойынша, Данияда – жаңармалы (бірінші кезекте жел энергетикасы) энергетика бойынша, Германияда – ауаның ластануымен күрес жүргізу бойынша, Испанияда – күн энергетикасы бойынша. «Жасыл технологияларды» әзірлеудегі елеулі БРИИКС елдерінде де көрініс тауып отыр: Бразилия, Ресей, Үндістан, Индонезия, Қытай, ОАР қалдықтарды басқару, судың ластануын бақылау және жаңармалы энергетика бойынша технологиялар әзірлейді.

Қазіргі заманғы жағдайлармен «жасыл» технологияларды енгізу және іске асыру технологиялық өзгерістердің негізгі факторы әрі бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету, өндірімділікті түбегейлі арттыру, халықтың тұрмыс сапасын

жақсартудың шарты болып табылады.

Ұқсас орталықтардың халықаралық тәжірибесіне қысқаша шолу

Green technology Center Korea (GTC-K) 2013 жылы ресми түрде іске қосылған орталық климаттық технологиялар саласындағы заңдарды әзірлеуде, сондай-ақ ғаламдық серіктестік шеңберінде дамушы елдерге технологияларды табыстауды қолдауда өзінің негізгі рөлін атқарады.

Міндеттері:

- жасыл технологиялар және ғаламдық ынтымақтастық саласындағы ұлттық саясатты қолдау;
- жасыл технологиялар үшін ынтымақтастықтың ғаламдық жүйесін дамыту және технологияларды табыстауды арттыру;
- жасыл технологиялардың қолданылуын болжау;
- жасыл технологияларды зерттеу және дамыту үшін заңдар жасауда мемлекеттің қолдауы.

Миссиясы

Жасыл технологиялар және ғаламдық ынтымақтастық саласындағы ұлттық саясатты қолдау:

- жасыл технологиялар үшін ғаламдық ынтымақтастық жүйесін дамыту және технологияны табыстауды арттыру;
- жасыл технологиялардың қолданылуының болжамы, жасыл технологияларды зерттеу және дамыту үшін заңдар жасауда мемлекеттің қолдауы;
- жасыл технологиялардың үрдістерін және дамуын талдау және орталықтың мақсатына қатысы бар басқа да міндеттерді орындаудың тиісті статистикасына мониторинг жүргізу.

Пайым - жасыл климат технологиясы саласындағы ғаламдық көшбасшы.

GGGI - Global Green Growth Institute (Корея)

GGGI өздерінің мүше мемлекеттерінің үкіметтеріне Париж климаттық келісімінде мазмұндалған міндеттемелерін және тұрақты даму саласындағы мақсаттарын орындауға қолдау көрсетеді.

Кіріктірілген елдік топтар арқылы үкіметтерге техникалық көмек көрсетеді және климаттың өзгерістеріне тұрақты жобалар үшін қаржы қаражатын жұмылдыруға көмектеседі.

Мақсаты – Жасыл даму моделіне ғаламдық көшу.

Пайым – Мықты, жан-жақты және тұрақты дамидың орнықты әлем.

Тұрақты энергетиканың, жасыл қалалардың, тұрақты ландшафтар мен сумен жабдықтаудың және санитарияның тақырыптық басымдықтары бойынша жұмыс істей отырып, GGGI төмендегі алты стратегиялық нәтижелер арқылы ықпал етуді қамтамасыз етуге ұмтылады:

- парниктік газдардың шығарындыларын азайту;
- жасыл жұмыс орындарын ашу;
- таза қолжетімді энергия, тұрақты қоғамдық көлік, санитарияны жақсарту

және қалдықтарды тұрақты басқару сияқты тұрақты қызметтерге қолжетімділікті кеңейту;

- ауа сапасын жақсарту;
- экожүйелік қызметтерді адекватты ұсыну;
- климаттың өзгерістеріне жетілдірілген бейімделу.

Shanghai Science and Technology Exchange Center in China

Шанхай ғылым және технология алмасу орталығы

1983 жылы ашылғаннан бастап Шанхай ғылым және техника алмасу орталығы Ғылым мен техника саласындағы инновациялық технологиялар бойынша қызмет көрсету комитетінің және Ғылыми-техникалық комитеттің жұмысына жұмылдырылды. Орталық жасыл технологияларды дамытуды қолдауды нығайту, инновациялық ресурстарды шоғырландыру, әскери және азаматтық интеграция, инновациялық орта және басқа да салаларда белгілі бір табыстарға жетті.

Халықаралық ынтымақтастық саласында орталық Африка, Еуропа, АСЕАН, Орталық және Оңтүстік Азия мемлекеттерінде өте ауқымды жұмыстарды белсенді атқаруда. Жаңа энергия көздері, зияткерлік өндіріс, биомедицина, ақпараттық технологиялар, жаңа материалдар және т.б. сияқты басты-басты салаларда тығыз ғылыми-техникалық ынтымақтастық жүргізуде. Технологиялық жобалар үшін инвестициялық және қаржылық қызметтердің жаңа үлгілерін зерделеу, технологияларды табыстау саласындағы ынтымақтастықтың жаңа халықаралық желісін құру, халықаралық ынтымақтастықтың мазмұны мен мәнін тереңдету. Жеке инновациялық әлеует пен өнеркәсіптік технологиялар деңгейін одан әрі арттыру бойынша жәрдемдесу. Интернационалдандыру процесіне қатысу және екіжақты өзара тиімді дамуды іске асыру.

Жасыл технологиялар банкі құру, жасыл технологияларды табыстау және трансформациялауға көмектесу «Тұрақты даму бағдарламасы - 2030»-ды іске асыру бойынша басты міндеттер болып табылады. ҚХР Ғылым және техника министрлігі мен Шанхай қаласының әкімшілігі арасында өткізілген семинарлар арқылы Шанхай қаласында Жасыл технологиялар банкі құру туралы шешім қабылданды.

GreenTechCenter (Дания)

Негізгі міндеті – Даниялық «жасыл» компаниялар мен жобаларға қолдау көрсету, үш спиральды инновациялық алаң ұйымдастыру, онда мақсатты «жасыл» компаниялар, билік органдары, зерттеу және білім беру мекемелері бірігіп, инновациялар енгізеді және жаңа өнімдер мен тұжырымдамаларды әзірлеу және маркетингілеуде әрекеттестік жасайды.

Жаңартылатын энергия бойынша жаңа технологияларды, жүйелік шешімдерді және жаңа бизнес-модельдерді әзірлеу, көрсету және коммерцияландыру.

Жасыл технологиялар орталығының *миссиясы* – үш спиральды инновациялық ойын алаңы, онда нысаналы «жасыл» компаниялар, билік органдары, зерттеу және білім беру мекемелері бірігіп, инновациялар енгізеді және жаңа өнімдер мен тұжырымдамаларды әзірлеу және маркетингілеуде әрекеттестік жасайды. Бізде біздің жалға алушыларымыз мен серіктестеріміз бір-бірімен, серіктестермен, клиенттермен, университеттермен, билікпен, инвесторлармен және басқа да мүдделі тараптармен оңай кездесе алатын іргелі желі мен орта бар. Бізде одан әрі дамуға және жасыл компанияларды дамытуға арналған бірқатар демонстрациялық үй-жайлар, зертханалар, шеберханалар мен сервистер бар. Біз өз серіктестерімізге даму барысында қолдау көрсету және жасыл көшулер шеңберінде жаңа білім мен ноу-хауларға үлес қосу үшін инновациялық жобалар ұйымдастырамыз.

Пайым – Жасыл Технологиялар Орталығы әрі қарайғы инновацияларға, тұрақты энергетика саласындағы шешімдерді демонстрациялау және коммерцияландыруға, энергия тұтынуға және сақтауға, сонымен қатар энергия тұтынуды, жылытуды, салқындатуды, деректер беру мен энергия үнемдеуді бақылауға ұмтылады.

Тұжырымдар

Қоғам әлемнің жетекші елдерінің жасыл технологиялар мен инвестицияларды тарту бойынша халықаралық озық тәжірибесін зерделеді және олардың қызметінің негізгі бағыттары Стратегия мақсаттарын қалыптастыру кезінде басымдыққа ие болды. Корея, Қытай, Дания, Финляндия, Бельгия және басқаларының ұқсас орталықтарымен келісім жасалды, олардың мақсаттары мен міндеттері өз миссиясын іске асыру үшін қажетті жеке басымдықтарды анықтау кезінде Қоғамға бағдар етіп алынды.

Жалпы жоғарыда аталған барлық агенттіктердің атқарымдары *Қоғамның* қызметтік бағыттарымен сәйкеседі, атап айтқанда, жасыл технологиялар саласындағы ұлттық саясатты қолдау, инновациялық ресурстарды шоғырландыру және тұрақты даму мен жасыл өсу саласындағы ғаламдық ынтымақтастық. Бұл орталықтарды осы елдердің үкіметтері мемлекеттік бюджеттен қаржыландырады.

Еуропалық Одақ елдерінің тәжірибесі

ЕО табиғат қорғау заңнамасы ЕҚТ-ға қатысты көпшілікке танымал әрі көбірек өңделген жүйе болып табылады. Бұл құқықтық жүйе тікелей жұмыс істейтін заңнама болып табылады және қандай да бір билік органдарының актілерінің қосымша түсіндіруін қажет етпейді. Оған қоса, жүйе қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдаланудың барлық негізгі мәселелерін қамтиды. Ең бастысы, ЕО нормалары - қоғам, билік және бизнес арасындағы тең құқықты ымыралы диалогтың нәтижесін білдіреді.

ЕО елдерінде ластануларды болдырмау және бақылау бойынша кешенді (біріктірілген) тәсілдердің қолданыла бастағанына жиырма жылдан асты. Алғаш рет бұл тәсіл Еуропалық Кеңестің 24.09.1996 ж. 96/61/ЕО (96/61/ЕО) [4]

«Ластануларды кешенді бақылау және болдырмау туралы» Директивасында (бұдан әрі – Директива) айтылды, ол кейінірек 2008 ж. 15 қаңтардағы 2008/1/ЕО «Ластануларды кешенді болдырмау және бақылау туралы» Директивасымен ауыстырылды.

Қазіргі уақытта ЕО-да осы мәселе бойынша ұлттық деңгейден жоғары тұратын нормативтік-құқықтық негіз Еуропалық парламент пен Еуропалық Кеңестің «Өнеркәсіптік шығарындылар/төгінділер туралы» (Ластануларды кешенді бақылау және болдырмау туралы) 2010 ж. 24 қарашадағы № 2010/75/ЕС Директивасы (бұдан әрі – Директива) болып табылады.

ЕО табиғат қорғау заңнамасының негізгі қағидаты ластануды азайту талаптары мен нақты техникалық мүмкіндіктер арасында тепе-теңдік құру болып табылады. Директивада ЕҚТ негізінде әсер ету көрсеткіштерін есептеу тетігін қолдану көзделген.

Осылайша, Директиваның 3-бабына сай «*ең озық қолжетімді технологиялар*» деген ұғым шығарындыларды болдырмауға, егер бұл мүмкін болмаса оларды азайтуға және жалпы қоршаған ортаға әсерін азайтуға бағытталған шығарындылардың шекті мәндерін рұқсаттардың өзге шарттарын сақтау үшін белгілі бір технологиялардың практикалық жарамдылығын куәландыратын қызмет түрлерін дамытудың және оларды іске асыру әдістерінің тиімді әрі алдыңғы қатарлы сатысын білдіреді.

Әртүрлі елдерде ЕҚТ енгізудің әртүрлі тәсілдері қолданылатынына қарамастан ортақ элементтер бар (әсіресе ол Еуропалық одақ елдеріне тән), олардың ішінен төмендегілерді бөліп көрсетуге болады:

- ✓ нормативтік-құқықтық негіздер, оның ішінде ұлттық және/немесе жоғары ұлттық мәндегі заңнаманың болуы;
- ✓ кешенді (экологиялық, табиғат қорғау) рұқсат беру талап етілетін және ЕҚТ анықтау мақсатында бағаланатын өндірістік қызмет түрлері;
- ✓ кешенді (экологиялық, табиғат қорғау) рұқсат беретін уәкілетті орган;
- ✓ кешенді (экологиялық, табиғат қорғау) рұқсат берудің қолданылатын мерзімі; (анықтама: осы салыстыру параметрі маңызды: егер кешенді (экологиялық, табиғат қорғау) рұқсат берудің қолданылатын мерзімі ішінде қолданыстағы технологияларға өзгерістер енгізілмесе, онда осы уақыт кезеңі ішінде ЕҚТ қосымша бағалау жүргізу талап етілмеуі мүмкін);
- ✓ ЕҚТ/технологияларды бағалау үшін қолданылатын құжаттарды әзірлеуге жауапты уәкілетті орган;
- ✓ технологияларды бағалау үшін қолданылатын құжаттар (мысалы, ЕҚТ анықтамалығы, стандарттар немесе басқа құжаттар);
- ✓ негізгі атқарымдары технологияларды бағалау мақсатындағы құжаттарды әзірлеу/қолдануға байланысты болуға тиіс техникалық жұмыс/сараптау топтары;
- ✓ ақпараттық ресурстар, мысалы – ЕҚТ тізілімі;
- ✓ ЕҚТ саласындағы сарапшыларды даярлау жүйесі;

✓ ЕҚТ қолданатын технология/өқндірістік кәсіпорын саны.

Ең озық қолжетімді технологияны анықтау мақсатында ең озық қолжетімді технологияның анықтамалығын (бұдан әрі – «ЕҚТ анықтамалығы» деп аталады) әзірлеу қажеттігі Директивада негізгі элемент ретінде көрсетіледі. Аталған анықтамалықтарды қарап, қажетіне қарай мүдделі тұлғалармен ақпарат алмасу нәтижелері бойынша жаңартып отыру қажет.

Директива шеңберінде анықтамалықты әзірлеу ісімен Севилья қ. орналасқан Еуропалық ластануды кешенді болдырмау және бақылау бюросы (IPPC Еуропалық Бюросы, EuropeanIPPCBureau, EIPPCB) айналысады. Бюро ЕҚТ анықтамалықтарының алдыңғы редакциясы жарияланғаннан кейін сегіз жылдан кешіктірмей жаңартылып отыруын қадағалауы тиіс.

Қазіргі уақытта Еуроодақ өнеркәсіптің әртүрлі салаларына жататын ЕҚТ бойынша 32 анықтамалық құжат әзірлеп, қабылдады.

Әзірленген анықтамалық құжаттар ұйғарым емес және олар ұлттық, аймақтық немесе жергілікті деңгейде және салалар бойынша шығарындылардың/төгінділердің шекті мәндерін белгілемейді.

Анықтамалықтар шаруашылық қызметтермен айналысатын барлық субъектілер үшін пайдалы ақпараттық ресурс болып табылады, себебі онда ресурстарды тиімді қолдануға және қоршаған ортаға теріс әсерлерді азайтуға бағыттауға болатын анағұрлым тиімді шешімдер туралы деректер бар.

ЕЭО Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің (РФ, БР) тәжірибесіне шолу

Ресей Федерациясы

Ресейде экономиканың басты салаларындағы ірі кәсіпорындарды ЕҚТ негізінде экологиялық нормалауға көшірудің негізін қалаған бірінші кезең 2015 жылы 1 қаңтарда «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Федералды заңға және Ресей Федерациясының жекелеген заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» заңның күшіне енуі болып табылады.

ЕҚТ саласындағы мемлекеттік реттеу жүйелерінің негізгі ережелері қоршаған ортаға әсер ететін объектілерді жіктеуге бағытталған. Заңнамада қоршаған ортаға жағымсыз әсер етіп жатқан объектілердің әртүрлі төрт санатына қолданылатын мемлекеттік бақылау шаралары белгіленген.

Бірінші санат қоршаған ортаға өте белсенді әсер етеді деп, төртіншісі – аздау әсер етеді деп сипатталады. Кешенді экологиялық рұқсат (КЭР) қоршаған ортаға әсер етуге байланысты қызметтерді жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын және қоршаған ортаны қорғау саласындағы орындалуы міндетті талаптарды қамтитын біртұтас ресми құжат болып табылады. Қоршаған ортаға елеулі әсер ететін (I санат) объектілерге КЭР алу міндетті болып табылады. Технологиялық нормативтер мен көрсеткіштер қолданылатын технологияның ерекшеліктерінің есепке алынуын қамтамасыз етеді және ЕҚТ енгізетін кәсіпорындарға белгілі бір артықшылықтар алуға мүмкіндік береді.

Заңнамада өндірістік кәсіпорындарды ЕҚТ-ға көшуге ынталандыратын көптеген шаралар тізімі қарастырылған. ЕҚТ тиімді енгізуші кәсіпорындарға

теріс әсер үшін төленетін төлем мөлшерін оның күшін жойғанға дейін азайту, сонымен қатар мүлік салығын төлеуден 3 жылға босату түріндегі салықтық ынталандыру, оған қоса тиімділігі энергетикалық жоғары негізгі құралдар үшін өтемпұлдың жеделдетілген коэффициентін қолдану осы шаралардың негізгі қағидаты болып табылады.

ЕҚТ-ға көшудің мемлекеттік тәртібі белгіленді. Технологияны ең озық қолжетімді технология дәрежесінде құптау ережесі, сонымен қатар ЕҚТ бойынша ақпараттық-техникалық анықтамалықты әзірлеу және жариялау қағидасы бекітілді.

Қағидада технологиялық процесті, жабдықты, техникалық тәсілдер мен әдістерді ЕҚТ ретінде құптау үшін негізге алынатын өлшемдер берілген: а) қоршаған ортаға жағымсыз әсердің уақыт бірлігімен есептелген ең төменгі деңгейі немесе өндірілетін өнімнің (тауардың), орындалатын жұмыстың, көрсетілетін қызметтің көлемі немесе Ресей Федерациясының халықаралық шарттарында көзделген қоршаған ортаға әсер етудің басқа көрсеткіштеріне сәйкестігі; б) енгізудің және пайдаланудың экономикалық тиімділігі; в) ресурс пен энергия үнемдейтін әдістерді қолдану; г) енгізу кезеңі; д) Ресей Федерациясының қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін екі немесе одан көп объектісінде технологиялық процестерді, жабдықтарды, техникалық тәсілдерді, әдістерді өндірістік енгізу.

ЕҚТ анықтамалығында салаға тән негізгі технологиялық процестер сипатталады, экологиялық аспектілерге және кәсіпорындардың қоршаған ортаға әсеріне баса назар аудартылады, тиісті өндіріс саласы үшін ең озық қолжетімді технологияларды құптауға мүмкіндік беретін (атап айтқанда, шығарындылардың, ластаушы заттардың төгінділерінің технологиялық көрсеткіштері, қалдық жиналуы және басқалары сияқты) бірқатар негізгі өлшемдер негізделеді және осы өлшемдер бойынша ЕҚТ жатқызылған технологиялар тізімі ұсынылады.

Оған қоса, ЕҚТ анықтамалығы тиісті бөлімде перспективалық технологияларды сипаттай отырып, саланы дамыту векторын (бағытын) белгілейді, себебі перспективалық технологияларды белсенді енгізу оларды ЕҚТ разрядына көшіреді, мұның өзі саланы дамытудың технологиялық деңгейін арттырады.

Беларусь Республикасы

Ең озық қолжетімді техникалық әдістер (ЕҚТӘ) Беларусь Республикасында енгізіліп жатыр. 2009–2020 жылдарға арналған Ұлттық кешенді табиғат қорғау рұқсатын енгізу стратегиясында (*Беларусь Республикасы Министрлер Кеңесінің 25.07.2009 № 980 қаулысымен бекітілген*) Беларусь Республикасында кешенді табиғат қорғау рұқсатын (КТР) енгізу бойынша міндеттер мен перспективалық бағыттар, сонымен қатар қоршаған ортаның ластануын кешенді болдырмау және бақылау тетігі ретінде ең озық қолжетімді техникалық әдістер (ЕҚТӘ) белгіленген.

Беларусь Республикасының нормативтік базасы шеңберінде ЕҚТӘ және рұқсаттарды кезең-кезеңмен енгізу көзделген. Кешенді табиғат қорғау рұқсаты – уәкілетті мемлекеттік органдардың экологиялық қауіпті қызметтерді жүзеге асыратын табиғат пайдаланушыларға арнайы беретін құжаты, ол қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамада белгіленген талаптар сақталған жағдайда атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығаруға, арнайы суды пайдалануға, қалдықтарды сақтауға және көмуге және зиянды әсерлердің өзге түрлеріне берілетін құқықты куәландырады.

Ең озық қолжетімді техникалық әдістерді енгізген кезде табиғат пайдаланушыларға әдістемелік көмек көрсету мақсатында ЕҚТӘ бойынша орталық құрылды, ол осы саладағы ақпаратты жинау және тарату жұмыстарын жүзеге асырады. ЕҚТӘ орталығы есептік жылу қуаттылығы 50 МВт өртеуге арналған өнеркәсіптік объектілерді қамтиды, оған сонымен бірге қуат өндіру саласы және (нарықта бар және стандартты) «дәстүрлі» отын түрлері пайдаланылатын салалар да кіреді.

ЕҚТӘ орталығының міндеттері:

- ақпаратты іздеу және аудару;
- ЕҚТӘ бойынша анықтамалықтарды бағалау бойынша жұмыс топтарын құру;
- ақпаратты жинау, қорландыру және тарату;
- ЕҚТӘ деректер базасын енгізу бойынша бағдарламалық өнім құру;
- ЕҚТӘ бойынша деректер базасы мен ұлттық нұсқауларды құрып, орталықтың ресми сайтына орналастыру;
- ЕҚТӘ бойынша деректер базасы мен ұлттық нұсқауларды өзектендіру, қайта қарау;
- техникалық көмек көрсету.

Қоршаған ортаны қорғау саласына ұлттық рұқсат беру жүйесін енгізу 2008/1/ЕО директивасына сәйкес кешенді рұқсат жүйесін қамтитын Еуропалық одақтың заңнамасымен үйлестіруге бағытталған.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы негіз қалаушы заңнамалық актілерде табиғат пайдаланушылардың ЕҚТӘ енгізу қажеттілігі белгіленген – ЕҚТӘ енгізу бірінші кезектегі мәселе болып табылатын қоршаған ортаға кешенді әсер ететін объектілер белгіленді.

Дүниежүзілік банк қаржыландырған «Беларусь Республикасында кешенді экологиялық рұқсаттар жүйесін енгізу мақсатында институционалдық және заңнамалық базаны нығайту» халықаралық техникалық көмек жобасын іске асыру шеңберінде орыс тіліне аударылған ЕО тиісті анықтамалықтары осы құжаттарды дайындауға негіз болды.

Тұжырымдар

Қоғам 2018 жылы ҚР Энергетика министрлігінің тапсырысы бойынша ЕҚТ қағидаттарына көшу бойынша халықаралық тәжірибеге шолу жасады. Шолуда ең озық қолжетімді технологияларды анықтау тәсілдерінің және жалпы бірқатар мемлекеттерде өнеркәсіптік эмиссияларды болдырмауға және

бақылауға бағытталған ұқсас шешімдердің орындалған жан-жақты талдауының нәтижелері қамтылған.

Шолуды дайындау кезінде ЕҚТ қолдану рәсімдеріндегі айырмашылықтар назарға алынды, сол себепті жиналған материал оларды анықтаудың қолданыстағы тәсілдерін мемлекетаралық салыстыруға мүмкіндік береді. Шолуда ЕҚТ белгілеудің қандай да бір басым рәсімі ұсынылмайды; керісінше ол әртүрлі әдіснамалардың ерекшеліктері мен шектеулерін көрсетуге, ЕҚТ қолдану және сәйкестендіру рәсімдері әзірленген елдердің оң нәтижелерін ұсынуға және осындай тәсілдерді енгізуге мүдделі мемлекеттік билік органдарына көмек көрсетуге бағытталған.

Осыған байланысты Қоғам ҚР-ның ЕҚТ қағидаттарына көшуіне көмектесуді стратегиялық мақсаттарының бірі ретінде белгілейді және өз қызметтерін Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі белгілеген саясат бойынша жүзеге асырады.

ЕҚТ қағидаттарына көшкен елдерде ЕҚТ-ға көшудің үйлестірілген саясатын жүргізу бойынша арнайы мекемелер жұмыс істейді және ЕҚТ бағалау үшін қолданылатын негіз қалаушы құжаттар әзірленген, ЕО – ЕҚТ бюросы (Севиля), РФ - ЕҚТ бюросы (Москва), БР – ЕҚТӘ ұлттық орталығы (Минск); Оңтүстік Кореяда – Қоршаған ортаны зерттеу жөніндегі ұлттық институт және т.б. Бұл - мемлекеттік орган құрылымына жатпайтын жекелеген институттар.

Осыған байланысты Қоғам шеңберінде ЕҚТ Бюросын, ЕҚТ жөнінде техникалық анықтамалықтарды әзірлеу процесін басқаратын орган - ЕҚТ бойынша техникалық комитет құру арқылы ЕҚТ бойынша атқарымдарды Қоғамға табыстау жөнінде заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу бойынша мәселені пысықтау қажет. Осы орайда Қазақстанда салалар мен неғұрлым әлсіз өндірістер бойынша ағымдағы жағдайды талдауды ескере отырып, анағұрлым сараланған тәсіл қамтамасыз етілуі тиіс (салалар бойынша «технологиялық паркті» түгендеу және бағалау жолымен), оның ішінде ЕҚТ бойынша ұлттық анықтамалық құжаттарды жекелеген бағыттар бойынша және қазақстандық өнеркәсіптің ерекшеліктерін, анықтамалық құжаттарды пайдалану әдістемесін ескере отырып бекіту мүмкіндігі қарастырылды.

Қоғамның өз алдына қойған міндеттерін іске асыру мақсатында ЕҚТ институцияландыру және оған көшу жөніндегі нормативтік құқықтық база жобаларын әзірлеу, ЕҚТ әзірлеу үшін қажетті цифрлық технологияларды қолданып деректер алмасу және жинау, Техникалық комитет пен техникалық жұмыс топтарын ұйымдастыру, кәсіпорындарға жүргізілген зерттеу нәтижесіндегі талдаулар мен әдістемелер негізінде энергетика секторына арнап ЕҚТ анықтамалығын әзірлеу, ЕҚТ қағидаттарына көшу мәселелерін түсіндіру бойынша нысаналы топтарды қамту ісіне ақпараттық сүйемелдеуді ұйымдастыру, ең озық қолжетімді технологиялардың техникалық анықтамалықтарын әзірлеу, нормативтік құқықтық базаны әзірлеу бойынша

ұсыныстарды пысықтау бойынша тиісті жұмыстар жүргізіледі.

«ХЖТИЖО» КЕАҚ SWOT-талдауы

Компанияның күшті жақтары	Мүмкіндіктері (сыртқы орта)
<ul style="list-style-type: none"> • Акционерлерді қолдау • Күшті серіктестер (ҚЭҰҚ, ФРОЗИ және т.б.) • ЖАО-мен жолға қойылған қатынастар • Халықаралық қауымдастықпен жолға қойылған қатынастар (БҰҰДБ, IRENA, ЕО, ЕҚЫҰ, банктер және т.б.) • Компания мақсатының дуализмі: аймақтық және халықаралық қызмет • Өртүрлі қызмет салаларының тәжірибелі басшылары мен білікті мамандарының болуы (энергетика, экология, бизнес-бағдарланған мамандар) • Бюджеттік бағдарлама (БП 044) • Жақсы имидж 	<ul style="list-style-type: none"> • Прогрестік индикаторлары белгіленген (үкіметтің қолдауы) жасыл экономиканы дамытудың ұлттық саясаты (Тұжырымдама). • Жасыл технологиялардың дамыған халықаралық нарығы • Жасыл технологияларға шетелдік инвестициялаудың қызығушылығы • Патенттік қызметтердің жоғары белсенділігі • технологияларды белсенді коммерцияландыру • Жасыл технологиялар тізіліміне сұраныс • ҚР-да жасыл технология стандарттарын енгізу • ҚР-да экономикалық ынталандыру шараларын әзірлеп, енгізу • Компанияның өз саласында айқын бәсекелестері жоқ • Халықаралық қауымдастықтың Қазақстанмен әрекеттестікке қызығушылығы (Компания Орталық Азияда байланыстар орталығы бола алады)
Компанияның әлсіз жақтары	Қауіп-қатер (сыртқы орта)
<ul style="list-style-type: none"> • Қосымша қаржыландыру көздерінің жоқтығы (БР қоспағанда) • Компанияны қайта құрылымдау • Әзірлеу процесінде серіктестермен әрекеттестік ету сызбасы • Ішкі нормативтік құжаттар әзірлеу сатысында 	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан көмірсутекті ресурстарға бай ел (мұнай, газ, көмір, уран) • Жеткіліксіз әзірленген заңнамалық негіз • Бизнес тарабының жасыл технологиялар туралы хабардарлығының төмендігі және сұраныстың аздығы • Қаржы секторы жасыл технологияларға бейімделмеген • Жасыл жобаларды іске асырған кезде (қаржылық, әлеуметтік кедергілер) қиындықтар туындайды • Жобаларды қаржылай ынталандыру шаралары толық пайдаланылмайды • ТА нарығы қатысушыларының шектеусіз өкілеттіліктері және олардың бір-бірімен әрекеттестігінің жеткіліксіздігі • жасыл технологиялар бойынша білікті мамандар жеткіліксіз • Экологиялық қызметтер (сервис) мен тауарлардың дамымаған нарығы.

II. Миссия және пайым

Халықаралық тәжірибеге талдау жасай отырып және жасыл даму бойынша ұлттық саясат талаптарын ескере отырып, Қоғам Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясына қол жеткізуге, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және қоршаған ортаға теріс әсерлерді азайтуға мүмкіндік беретін жасыл технологиялар мен озық тәжірибелерді алға бастыру бойынша өз Миссиясын айқындады.

Миссия

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және қоршаған ортаға теріс әсерлерді азайту үшін жасыл технологиялар мен бизнесті алға бастыру.

Пайым

Жасыл технологиялар нарығының ұлттық координаторы және жасыл даму саласындағы халықаралық танылған серіктес.

III. Стратегиялық мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелер

Негізгі стратегиялық мақсаттар

1. Қазақстан Республикасында жасыл технологияларды дамыту үшін жағдай жасау.
2. Қазақстан Республикасының ең озық қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) қағидаттарына көшуіне ықпал ету.
3. Жасыл қаржыландыруды тарту, тәжірибе алмасу және технология трансферті бойынша халықаралық танылған серіктес болу.

Қолдау бағыттарының мақсаттары

- Жасыл экономика қағидаттарын ақпараттық алға бастыру.
- Жасыл технология саласында ғылыми-зерттеу платформасын қалыптастыру
- Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру.

1-стратегиялық мақсат. Қазақстан Республикасында жасыл технологиялар нарығын дамыту үшін жағдай жасау.

Міндеттер:

- 1.1. Қазақстандық жасыл технологиялар мен жобалар нарығын қазіргі заманғы жағдайларға бейімдеу.
- 1.2. «Жасыл» бизнестің дамуына жәрдемдесу.

1.1-міндет Қазақстандық жасыл технологиялар мен жобалар нарығын қазіргі заманғы жағдайларға бейімдеу.

Жасыл технологиялардың ішкі және сыртқы нарығына талдау жүргізу.

Жасыл технологиялар мен жобалар саласындағы ұлттық саясатты дамыту мақсатында Қоғам Қазақстан Республикасының отандық жасыл технологиялар нарығына аймақтар бойынша талдау (бенчмаркинг) жүргізуді, сонымен қатар халықаралық тәжірибеге: жасыл технологияларды дамытудың алғышарттары мен құралдарына талдау жүргізуді жоспарлап отыр. Елдің жасыл технологиялар нарығын жетілдіру мақсатында халықаралық нарықты талдау нәтижесінде тиімді жұмыс істеп жатқан жасыл технологиялар мен жобалар нарығын айқындау жоспарлануда. Талдау нәтижесі бойынша Жасыл экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдама мен оны іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарын өзектендіру үшін ұсыныстар әзірленеді.

Қазақстанның жасыл технологиялар мен жобалар саласындағы заңнамасын жетілдіруге жәрдемдесу.

Қоғам қоршаған ортаны қорғау, энергетика, су ресурстары, органикалық ауыл шаруашылығы, қалалық инфрақұрылым және т.б. салалардағы қолданыстағы салалық заңдарды және НҚА талдау бойынша жұмыс жүргізеді.

Талдау, қолданыстағы заңнама, проблемалық учаскелерді бағалау және жасыл технология нарығының қажеттіліктерін жете түсіну базасында уәкілетті органдарға жасыл технология бойынша терминология енгізуді қоса алғанда, Экологиялық кодекске, басқа да заңнамалық актілер мен НҚА толықтырулар бойынша ұсыныстар, сонымен қатар жасыл технологияларды дамытуды экономикалық ынталандыру шаралары бойынша ұсыныстар жіберіледі.

Қоғамда жасыл технологияларды белгілеу стандарттарына ұсыныстар әзірленеді, онда заңдарда белгіленген тәртіппен жасыл технологиялардың топтастырылуы, жасыл технологиялар мен жобалардың өлшемдері, оларға қойылатын талаптар, сертификат беру механизмі көрсетіледі.

Заңнама бойынша жұмыстардың нәтижесінде жасыл технология нарығының мүдделі қатысушыларымен, депутаттармен және мемлекеттік органдардың өкілдерімен тығыз әрекеттестік ету жоспарланып отыр.

1.2-міндет «Жасыл» бизнестің дамуына жәрдемдесу.

Жасыл технология нарығын қалыптастыру (қатысушылар, «Бір терезе» және басқалары).

Жасыл технология нарығын дамыту мақсатында жасыл технология нарығын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізіледі, нәтижесінде нарық қатысушылары анықталады, нарық қатысушыларының деректер базасы жасалады, «Бір терезе» қағидаты бойынша нарық қатысушыларының әрекеттестік ету механизмдері әзірленеді.

Жасыл технологиялар мен жобаларға сұранысты анықтау үшін Қоғам нарықтың мүдделі тараптарының жасыл технологияға, жобаларға және қаржы тартуға деген сұраныстарын анықтау мақсатында зерттеулер, сауалнамалар, сұрастыру жұмыстарын жүргізеді. Қоғам зерттеу нәтижелерін талдау негізінде бизнеске арнап жасыл технологиялар бойынша ұсыныстар, қаржыландыруға

арнап жобалар портфелін әзірлейді. Қоғам бизнес тарабынан болатын сұраныстарды пысықтаған кезде әртүрлі қауымдастықтарды, банктерді, АХҚО және басқаларын қоса алғанда, мемлекеттік және басқа ұйымдармен тығыз әрекеттестік жасайды.

«Бір терезе» қағидаты бойынша бизнеске толық қолдау көрсету үшін Қоғам инвесторлардың, технология иеленушілерінің мемлекеттік органдармен, индустриалды-инновациялық қызметтердің субъектілерімен, сонымен қатар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен кездесулерін ұйымдастырады;

Инвесторларға серіктес іздеу немесе инвестициялық жобаларды іске асыру барысында инвестициялық ұсыныстар мен қажетті қолдаулар ұсынылады.

Сондай-ақ Қоғам бизнеске, инвесторларға, технология иеленушілеріне кең көлемді қызметтер көрсетілетін Деректер базасын (цифрлық алаң) іске қосуды жоспарлап отыр. Алаңға бизнеске, инвесторларға, технология иеленушілеріне арналған сауалнама, Жасыл технологиялар тізілімі, арнайы карталар, енгізілетін әлеуетті жобалар тізімі, Жасыл технологиялар тізіліміне енгізу механизмі және Сертификат беру тәртібі және басқалары орналастырылады. Бұл шаралар Қоғамның бизнеске, инвесторларға, технология иеленушілеріне кешенді сүйемелдеу жасауына мүмкіндік береді, мұның бәрі жасыл технологиялар мен жобаларды енгізуге, жаңа жасыл өндіріс құруға және қолданыстағыларды жаңартуға қолайлы жағдай жасайды.

Оған қоса Қоғам әлеуетті жобаларды қарастыру процесінде бизнеске арнап жасыл технологиялар, қаржылық, техникалық қолдау бойынша консалтингілік қызметтер ұсынады, экологиялық, экономикалық және климаттық тақырыпта ақылы негізде зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Жасыл технологиялар бойынша стандарттар әзірлеу

Қоғам 2020 жылдан бастап жасыл технология бойынша стандарт әзірлеу қажеттілігін одан әрі қалыптастыру үшін стандарттау қағидаттарына зерттеу жүргізеді. Қазақстанда стандарттарды әзірлеу ісін мемлекеттік стандарттау жоспарына (бағдарламасы) сәйкес немесе бастамашыл ретпен мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттау бойынша техникалық комитеттер, басқа да мүдделі заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Қоғам жасыл технологиялар бойынша (ЖЭК жасыл технологиялары, құрылыс және т.б. бойынша) стандарт әзірлеу үшін басым бағыттарды анықтаған соң уәкілетті органға стандарттарды әзірлеу өтінішін дайындап, құрады.

Өтінімде стандартты әзірлеу қажеттілігінің мақсаты мен негіздемесі көрсетіледі. Өтінімге дайын стандарт жобасы, оны әзірлеу жөніндегі техникалық тапсырма немесе қолданыстағы халықаралық стандарт қоса берілуі мүмкін. Техникалық тапсырмада: стандарттың әзірленіп жатқан сатысы мен оның орындалу мерзімі; стандартталатын объектінің негізгі сипаттамасы мен көрсеткіштері; стандартқа қоса берілетін құжаттар тізімі және келісім жасалатын ұйымдардың тізімі, әзірленетін стандарттың талаптары нормаларына сай үйлестірілетін халықаралық стандарттардың тізімі, тапсырысшының басқа да

талаптары көрсетіледі. Стандартты әзірлеген кезде оны қолданатын саладағы субъектілердің стандарт туралы пікірлері ескеріледі. Жалпы стандарттау рәсімі ҚР СТ 1.2-2013 «Ұлттық және алдын ала ұлттық стандарттарды әзірлеу тәртібіне», сонымен қатар Әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге әскери стандарттарды қоспағанда, ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгерту, күшін жою және қолданысқа енгізу қағидаларына сәйкес орындалады. Дереккөзі: <https://kadry.m CFR.kz/news/780-qqn-16-m12-13-12-2016-poryadok-razrabotki-natsionalnyh-standartov-respubliki-kazahstan..>

«Жасыл» технологияларды коммерцияландыру, бизнес пен инвестицияны қолдаудың тиімді жүйесін құру

Қоғам «жасыл» технологияларды коммерцияландыру жөніндегі құзыреттер орталығына айналуды жоспарлайды және ұлттық және ғаламдық нарықтың технологиялық сұранысына бағдарланған «жасыл» технологияларды алға бастыру және енгізу процесін үйлестіруде басты рөл атқаратын болады.

«Жасыл» технологиялардың жергілікті әлеуетін дамыту үшін озық идеяларды/жобаларды анықтау. «Жасыл» технологияның деректер базасы ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары; қазіргі бизнес, ШОБ, өнеркәсіптік компаниялар; технологиялар трансфертінің желісі сияқты техникалық және кәсіби көздер, патенттік деректер базасы, өнім каталогтары және мамандандырылған кеңесшілерді қоса алғанда, жаңа идеялар мен технологиялардың әртүрлі көздерімен әрекеттестік ету жолымен толықтырылады.

Үш негізгі бағыт бойынша *«жасыл» технологияларды коммерцияландыру:* техникалық кеңес беру, аналитикалық және сарапшылық қызметтер, «жасыл» технологияларды коммерцияландыру жүйесін дамыту үшін зерттеу жүргізуді қоса алғанда, технологияны коммерциялық пайдалану үшін жаңа бизнес-жобаларды іске қосу, жұмыс істеп тұрған бизнеске технологияны пайдалануға лицензия сату, қызметтерді ұсыну арқылы технологияны пайдалану.

Акселерация, бизнес-инкубациялау, инвестиция тарту сияқты кешенді сервистік қызметтер ұсыну. Жасыл технологияның экожүйесін құру, серіктестік желілер құру және жергілікті жасыл технологияларды алға бастыру, Қазақстанның белсенді аймақтарында инвесторлардың, аймақтың технологиялық міндеттері мен экологиялық проблемаларын шешу үшін технология әзірлеушілердің өкілдерімен, ҒӨБ өкілдерімен технологиялық брокерлік шаралар өткізу.

ЮНИДО-мен бірлесіп таза технологиялар саласындағы Ғаламдық инновациялық бағдарламаны іске асыру шеңберінде келесі қолдау құралдарын ұсыну: менторлық, оқыту, нетворкинг, нарыққа мониторинг жүргізуге және зерттеуге көмектесу, инвесторларға қолжетімділік, сондай-ақ практикалық шаралар - технологиялық брокерлік уақиғалар өткізу арқылы белсенді дамыту бағдарламасы.

Күтілетін нәтижелер

Қоғамның бірінші стратегиялық мақсаты міндетін шешу Қазақстанда жасыл технологиялар нарығын дамыту үшін инфрақұрылым құруға, жасыл технологияларды ілгерілету және бейімдеу арқылы жасыл бизнесті дамытуға жәрдемдесуге, сондай-ақ жасыл қаржыландыруды тартуға жағдай жасауға және халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын жасыл жобаларға қайта бағыттауға ықпал етеді. Жасыл технологиялар мен озық тәжірибелерді ілгерілету, жасыл жобаларды іске асыруға жәрдемдесу экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және қоршаған ортаға теріс әсерлерді азайту үшін маңызды элемент болмақ.

Нәтижелер:

- «жасыл технология» анықтамасын әзірлеу (2020 ж.);
- Технологияны ТА дәрежесінде тану ережесін әзірлеу және бекітуге ұсыну (2020 ж.);
- «Жасыл экономикаға көшу жөніндегі іс-шаралар жоспарына» енгізу үшін ТА бойынша заңнаманы және бастамаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу (2020 ж.);
- «Бір терезе» қағидатын іске асыру (2020-2024 жж.);
- инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру (2020 ж. – 1 жоба, 2021-2024 жж. – кемінде 3 жоба);
- ТА (ЖЭК, құрылыс және т.б. бойынша) бойынша стандарттар әзірлеу (2020-2024 жж.);
- «жасыл» технологияларды коммерцияландыру және технологиялық кәсіпкерлікті дамыту бойынша Кұзыреттілік орталығы болу. Кұзыреттілік орталығын қолдауға қаржы тарту (2020-2024 жылдары).

2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының ең озық қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) қағидаттарына көшуіне ықпал ету

Міндеттер:

- 2.1. ЕҚТ бойынша техникалық комитет құру.
- 2.2. қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қызмет түрлері бойынша тәуелсіз сараптау пулын құру.
- 2.3 ЕҚТ қағидаттарына көшуді институцияландыру: нормативтік-техникалық және құқықтық база әзірлеу.
- 2.4. ЕҚТ бойынша техникалық анықтамалық әзірлеу. Техникалық жұмыс топтарын құру, олардың қызметтерін ұйымдастыру және сүйемелдеу: технологияны ЕҚТ дәрежесінде анықтау кезінде; ЕҚТ бойынша техникалық анықтамалық (бұдан әрі – ЕҚТ бойынша ТА), ЕҚТ бойынша қорытынды әзірлеу кезінде; технологиялық аудит жүргізу кезінде.
- 2.5. ЕҚТ қағидаттарына көшу мәселелері бойынша мүдделі тараптарға кеңес беру, тренингтер өткізу.

2.1 міндеті. ЕҚТ бойынша техникалық комитет құру.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стандарттау саласында Стандарттау бойынша техникалық комитеттер құрылады. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің жобасына сай ең озық қолжетімді технологиялар анықтамалығы деп ең озық қолжетімді техника қолданылатын белгілі бір саладағы жүйеленген деректерді және ең озық қолжетімді технологияларды қолдану саласына байланысты технологиялық процестердің, техникалық, басқарушылық және ұйымдық тәсілдердің, әдістердің, амалдардың және тәжірибелердің сипаттамасын және басқа да деректерді қамтитын ұлттық стандарттау жүйесінің құжаты болып табылатын ұлттық стандартты айтады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 919 бұйрығымен бекітілген Стандарттау бойынша техникалық комитеттерді құру, жұмыс істеу және тарату қағидаттарының талаптарына сәйкес Ең озық қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) бойынша техникалық комитет (ЕҚТ бойынша ТК) құруға арналған құжаттар пакеті әзірленді. ЕҚТ бойынша ТК жұмысы ұлттық стандарттардың – ЕҚТ бойынша техникалық анықтамалықтың сапалы деңгейін қалыптастыруға бағытталған.

ЕҚТ бойынша ТК мынадай атқарымдарды жүзеге асырады:

- стандарттау бойынша құжаттарды әзірлеуге қатысады және оларды әзірлейді;
- стандарттау бойынша техникалық комитеттің мүшелерімен бекітілген қызмет саласына сәйкес ұлттық стандарттардың жобаларына техникалық талқылау ұйымдастырады;
- ұлттық стандарттау жоспарын қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізеді;
- базалық ұйымның атынан өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға, заңды және жеке тұлғаларға сұрау салады;
- стандарттау саласындағы ғылыми зерттеулерге қатысады;
- стандарттау бойынша техникалық комитеттің және стандарттау бойынша халықаралық және өңірлік ұйымның жұмыстарына қатысады;
- бекітілген стандарттау объектілері бойынша стандарттау саласында мониторинг жүргізеді.

2.2 міндеті. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қызмет түрлері бойынша тәуелсіз сараптау пулын құру;

Сынақтық кезең шеңберінде экономика саласы бойынша тәуелсіз сарапшылар пулы құрылады. Осы сарапшылар ең озық технологияны анықтауға, технологиялық аудит жүргізуге және кейіннен ЕҚТ бойынша ТА әзірлеуге қатысады.

2.3 міндеті. ЕҚТ қағидаттарына көшуді институцияландыру: нормативтік-техникалық және құқықтық база әзірлеу.

2020 жылы Қазақстанның ЕҚТ қағидаттарына көшуі үшін ЕҚТ қағидаттарына көшуге арналған институционалдық база мен заңнамалық негіз құру қажет. Ол үшін Қоғам құрамында – ЕҚТ Ұлттық бюросын құру қажет. ЕҚТ бюросы ең озық қолжетімді технологияларды анықтау, ең озық қолжетімді технологиялар бойынша техникалық анықтамалықты (ЕҚТ ТА) әзірлеу және жариялау, нәтижелері ЕҚТ бойынша бастапқы салалық техникалық анықтамалықты әзірлеуге негіз болатын технологиялық аудитті жүргізу, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сарапшылық қолдау көрсету бойынша техникалық жұмыс топтарының (ТЖТ) жұмысын үйлестіреді, ұйымдастырады және басқарады. ЕҚТ қағидаттарына көшуді қамтамасыз ету үшін Қоғам нормативтік-техникалық, нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеп жатыр, олар: ЕҚТ Бюросының қызметі туралы қағида, технологияны ең озық қолжетімді технология ретінде анықтау тәртібі, ТЖТ құру, жұмыс істеу және тарату тәртібі, ЕҚТ жөніндегі техникалық комитеттердің қызметтері туралы қағида, тәуелсіз сарапшылар пулын (сала бойынша) қалыптастыру тәртібі, технологиялық аудит жүргізу тәртібі. Жобалар келісу және қабылдау үшін әзірленіп, уәкілетті органдарға жіберіледі.

2.4 міндеті. ЕҚТ жөніндегі техникалық анықтамалықтарды әзірлеу. Техникалық жұмыс топтарын құру, қызметтерін ұйымдастыру және сүйемелдеу: технологияны ЕҚТ дәрежесінде анықтау кезінде; ЕҚТ бойынша бекітілген ЕҚТ жөніндегі техникалық анықтамалықты (бұдан әрі - ЕҚТ ТА) әзірлеу кезінде; технологиялық аудит жүргізген кезде.

ЕҚТ бойынша техникалық жұмыс топтары (ТЖТ) «ХЖТИЖО» КЕАҚ Басқарма Төрағасының бұйрығымен экономика салалары бойынша, жекелеген жағдайларда Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі белгілеген 50 кәсіпорын тізбесіне сүйене отырып қызмет түрлері бойынша құрылып, бекітіледі. Себебі осы кәсіпорындар 2025 жылы бірінші болып кешенді экологиялық рұқсат алулары керек:

электр энергетикасы, тау-кен металлургиялық кешен, мұнай және газ өңдеу, мұнай мен газды құбыр бойынша тасымалдау, мұнай және газ өндіру, химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру. ТЖТ құрамына барлық мүдделі тараптар шақырылады: тәуелсіз сарапшылар, өнеркәсіптік кәсіпорындардың технологтары, салалық ғылыми ұйымдардың өкілдері, тиісті саладағы салалық мемлекеттік органдардың мамандары.

ЕҚТ бойынша ТА әзірлеуге кірісер алдында 50 кәсіпорынға ғана емес, сонымен бірге экономиканың тиісті секторларында осыған ұқсас қызметтерді жүзеге асыратын кәсіпорындарға да кешенді технологиялық аудит жүргізу керек. ЕҚТ бойынша ТА қоршаған ортаға әсерлерді азайту бойынша теңгерім

орнату мақсатында салаға арнап әзірленеді.

2.5 міндеті. ЕҚТ қағидаттарына көшу мәселелері бойынша мүдделі тараптарға кеңес беру, тренингтер өткізу

ЕҚТ бюросы мүдделі тараптармен кеңес беру жұмыстарын жүргізеді. Халықаралық ұйымдармен бірлесіп барлық мүдделі тараптар үшін ЕҚТ мәселелері жөнінде тренингтер, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізіледі.

Күтілетін нәтижелер

Екінші бағыттағы міндеттерді іске асыру Қоғамға қоршаған ортаны ластаушыларды азайту талаптары мен кәсіпорынның нақты мүмкіндіктері арасындағы тепе-теңдіктің сақталуын ескере отырып, ең озық қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) қағидаттарына көшудің үйлестірілген саясатын жүргізу, ең озық қолжетімді технологияларды бағалау үшін қолданылатын негіз қалаушы құжаттарды әзірлеу бойынша платформа болуға мүмкіндік береді.

Нәтижелер:

- ЕҚТ жүйесін құру: ЕҚТ бюросының қызметтері үшін нормативтік-құқықтық, техникалық база құру. 2024 жылға дейін мынадай қызмет салаларына арнап 6 ЕҚТ бойынша ТА жобасын әзірлеу: электр және жылу энергиясын өндіру; мұнай және газ тасымалдау; шикі мұнай мен газды өндіру; мұнай өнімдерінің өндірісі; мұнай-химия, тау-кен металлургия саласы (ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті ұсынған Тізбеге сай);

- ЕҚТ саласында кәсіби қауымдастық құру;

- ЕҚТ қағидаттарына көшу мәселелері бойынша мүдделі тараптардың хабардар болуын ұлғайту.

3-стратегиялық мақсат. Жасыл қаржыландыруды тарту, тәжірибе алмасу және технологиялар тарнсфертін бейімдеу бойынша танылған халықаралық серіктес болу.

Міндеттер:

3.1. Жасыл Климаттық Қор (ЖКҚ) жанындағы Қоғамды аккредиттеу.

3.2. Халықаралық бағдарламалармен (ЕО, БҰҰДБ, UNIDO және басқалары) жұмыс істеу шеңберінде қаржыландыру тарту және тендерлерге (ЕҚДБ, ДБ, АДБ және басқалары) қатысу.

3.3. Өңірлік жобаларды іске асыру.

3.4. Климаттың өзгерістеріне бейімделу бойынша ұлттық климаттық саясат пен шараларды іске асыруға жәрдемдесу.

3.5. Тұрақты даму саласындағы халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау: тәжірибе алмасу және Қоғамның сараптау әлеуетін арттыру.

3.1 міндеті. Жасыл Климаттық Қор (ЖКҚ) жанындағы Қоғамды аккредиттеу.

Аккредиттеуге дайындалу.

Қоғам мынадай шараларды қабылдайды:

- Readiness Programme бағдарламасына қатысуға тапсырыс дайындау және жіберу;
- жобалар портфелін қалыптастыру және ЖКҚ талаптарына сәйкес қажетті құжаттарды әзірлеу;
- аккредиттеу алуға ЖАҚ талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау;
- ҚР Ұлттық Уәкілетті Органынан (ҰУО) аккредиттеуге номинация туралы хат алуды пысықтау (ҚР ҰУО –дан наразылық жоқтығы туралы хат);
- ЖКҚ Хатшылығы арқылы электронды аккредиттеу жүйесінде (ЭАЖ) есеп жазбасын құрып, ЖКҚ онлайн-жүйесіне қол жеткізу;
- ЭАЖ арқылы аккредиттеуге онлайн-тапсырыс дайындау және жіберу;
- аккредиттеу жарнасын төлеу;
- ЖКҚ талаптарына жататын ұйымның саясатына, стандарттарына және нұсқауына қатысты Қоғамның құжатталған материалдарының толықтығына ЖКҚ хатшылығының және Тәуелсіз техникалық кеңес беру тобының институционалдық бағалау жүргізуі және тексеруі;
- ЖКҚ хатшылығынан және Тәуелсіз техникалық кеңес беру тобынан алынған ұсыныстарды талдау (қажет болғанда құжаттар пакеті пысықталады).

ЖКҚ Кеңесінің аккредиттік талдауы және шешімі.

ЖКҚ Кеңесі Хатшылықтың және Аккредиттеу тобының ұсыныстары негізінде тапсырыстарды қарайды. ЖКҚ Кеңесі аккредиттеуді бекіткен соң Қоғам 3-сатыға өтеді: кейіннен аккредиттік талдау және заңды келісім.

Аккредиттеуден кейінгі талдау және заңды келісім.

ЖКҚ Кеңесі аккредиттеуді бекітуі нәтижесінде Қоғам Қормен заңды келісім жасайды, растау және тіркеу үшін жарна төлейді. Заңды келісімді ресімдеген соң ЖКҚ Аккредиттеу туралы бас келісімге (АБК) қол қойылады.

Анықтама үшін: қайта тапсырыс беру және Қоғамның жобалары мен нормативтік құжаттарын тұрақты жетілдіру жолымен аккредиттеу мәртебесін көтеру бойынша жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі.

3.2. Халықаралық бағдарламалармен (UNIDO, БҰҰДБ, ЕО және басқалары) жұмыс істеу шеңберінде қаржыландыруды тарту және (ЕҚДБ, ДБ, АДБ және басқалары) тендерлерге қатысу.

Қоғам қаржыландыру тарту үшін бас оператор дәрежесінде UNIDO «CleanTech» ғаламдық таза технологиялардың инновациялық бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыстарды жүргізеді. Қазақстанда жасыл стартаптарды дамыту, дамуын жеделдету және коммерцияландыру (3 жыл), READINESS 2 бағдарламасы шеңберінде қаржыландыруды тарту.

Халықаралық қаржы институттарының тендерлеріне қатысу үшін Қоғам ЕҚДБ, ДБ, АДБ және басқалары ұсынған байқауларға мониторинг жасайды және «жасыл» инвестициялық жобаларды дайындап, жібереді.

3.3. Өңірлік жобаларды іске асыру.

Қоғам халықаралық ұйымдармен, салалық меморгандармен және әлемнің озық елдерінің компанияларымен олардың «жасыл» технология саласындағы тәжірибесін тарту, сондай-ақ «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын (ЖКСБ) ілгерілету мақсатында төмендегідей жолдармен ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатады:

- ҚР-да жобаларды іске асыру үшін шетелдік инвестициялар мен жасыл технологиялар жобаларының, оларды іздеу және тарту портфельдерін қалыптастыру;
- Қоғамның базасында ЭЫДҰ қолдауымен ең озық қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) қағидаттарын ілгерілету бойынша Орталық Азия платформасын құру;
- GGGI (Ғаламдық жасыл даму институты) ынтымақтастық туралы келісімге қол қою, жобаларды қаржыландыруды ҚР-ға тарту;
- қол жеткен уағдаластықтарды мониторингілеу және іске асыру, халықаралық ұйымдармен (БҰҰ, ЭЫДҰ, ФАО, ОБСЕ, IRENA және басқалары) әрі қарайғы ынтымақтастықты жолға қою.

3.4. Халықаралық ұйымдармен тұрақты даму саласында өзара іс-қимыл жасау: тәжірибе алмасу және Қоғамның сараптау әлеуетін көтеру

- сараптау ақпараты мен трансферт алмасу және алдыңғы қатарлы «жасыл технологияларды тарту мақсатында озық елдердің және халықаралық ұйымдардың тәжірибелерін зерттеу, Қоғам қызметкерлерін оқу орталықтарында тағлымдамадан өткізу мүмкіндіктерін, басқа елдердегі ЕҚТ тәжірибесін, сондай-ақ шетелдік компаниялардың ҚР перспективалық жобаларына қатысуын зерттеу.
- Қоғамның бағдарламалар портфельін бағалау және жетілдіру үшін сарапшылар тарту.
- Қазақстанда және шетелде бейіндік тақырып бойынша халықаралық шаралар ұйымдастыру.
- ЕО экологиялық саясатымен және алдыңғы қатарлы тәжірибесінің үлгісімен таныстыру үшін халықаралық серіктестердің тапсырысы бойынша саясат мәселелері жөнінде оқыту, кеңес беру, семинарлар мен оқу сапарларын өткізу. Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары (WESCOOP) саласындағы ЕО-Орталық Азия платформасын ұлттық үйлестіруші дәрежесінде іске асыру (3 жыл).
- Талдамалық анықтама ақпаратты, шолуларды дайындау, сондай-ақ Қоғам басшыларының шетелдік серіктестермен келіссөздері мен сапарларын қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтижелер:

- қаржыландыру тарту және жобалар портфельін ЖКҚ-ға бағыттау үшін аккредиттеу алу (2020-2024 жж.);
- халықаралық жобаларды (WESCOOP-3, UNIDO, АДБ, ЕҚДБ, ЕАДБ, ИДБ, ДБ және басқалары) қаржыландыру есебінен жобалар портфельін қалыптастыру (2020-2024 жж.);

- жасыл технологиялар саласындағы өңірлік жобаларды іске асыруды бастамалау және қатысу (2020-2024 жж.);
- ҚР төмен көміртекті дамуы және климаттың өзгеруіне бейімделуі аясында жасыл технологияларды пайдалану бойынша ұсыныстар;
- халықаралық ұйымдармен бірлескен зерттеулер, бағдарламалар мен жобалар.

Қолдау бағыттарының мақсаты мен міндеттері

4-мақсат. «Жасыл экономика» қағидаттарын ақпараттық ілгерілету

Міндеттер:

- 4.1. 2020-2024 жылдардағы кезеңге арналған PR стратегияны әзірлеу және іске асыру, ақпараттық саясат пен жыл сайынғы медиа-жоспарды бекіту.
- 4.2. Жасыл технологиялар мен озық тәжірибелер саласындағы негізгі ақпарат көзі ретінде интернет-ресурсты әрі қарай дамыту.
- 4.3. Ілгерілетудің баламалы медиа-құралдарын енгізу, журналистер, блогерлер пулын құру, ақпараттық ивенттер өткізу, спикерлер мен серіктестердің сарапшылар пулын қалыптастыру.
- 4.4. Ақпараттық-талдау қызметтерін ұсыну үшін цифрлық платформа құру.

4.1 міндеті. 2020-2024 жылдардағы кезеңге арналған PR стратегияны әзірлеу және іске асыру, ақпараттық саясат пен жыл сайынғы медиа-жоспарды бекіту.

Бекітілген ашықтық және объективтілік қағидаттарына сай негізгі оқиғалардың ақпараттық бейнесін жоспарлау, назар аудартатын месседждер құру және барлық медиа-құралдарды пайдалана отырып тұрақты түрде имидждік іс-шаралар өткізу Қоғамның қызметі туралы үйлестірілген, дәл әрі қажетті ақпаратты ұсына отырып қызығушы аудитория мен стейхолдерлердің барынша кең әрі кешенді қамтылуын қамтамасыз етеді.

4.2 міндеті. Жасыл технологиялар мен озық тәжірибелер саласындағы негізгі ақпарат көзі ретінде интернет-ресурсты әрі қарай дамыту.

Интернет-ресурсқа кірушілердің санын арттыру және оның пайдалы ақпарат көзі ретінде сұраныста болуы үшін төмендегілерді әзірлеп, жариялау арқылы жасыл тақырып бойынша ақпараттық қызметтер спектрін кеңейту жоспарланып отыр:

- апталық жаңалықтар дайджесті (агрегатор функциясы);
- ашық деректер (нормативтік, әдістемелік және басқа материалдар);
- Қоғам базасында өткізілген іс-шаралар туралы есеп;
- пайдаланушыларға арналған сервистер мен опциялар (көміртегінің қалдық ізінің калькуляторы, экомониторинг картасы және басқалары).

4.3 міндеті. Ілгерілетудің баламалы медиа-құралдарын енгізу, журналистер, блогерлер пулын құру, ақпараттық ивенттер өткізу, спикерлер мен серіктестердің сарапшылар пулын қалыптастыру.

Достық әрі сыйластық қарым-қатынас арқылы журналистер мен блогерлер пулын қалыптастыру пікір көшбасшыларының Қоғам қызметіне деген ниеттестігі мен ақпараттық сауаттылығын арттырады. Ақпараттық материалды ұсыну кезінде қыр-сырын білу жасыл экономиканы енгізуге байланысты жаңалықтарды қоғамның жақсы қабылдауына әсер етеді.

4.4 міндеті. Ақпараттық-талдау қызметтерін ұсыну үшін цифрлық платформа құру.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін «жасыл» технологияларды енгізіп жатқан бизнес субъектілерді мониторингілейтін қазіргі заманға сай құрал жасау қажет, ол қоршаған ортаны жақсарту және елдегі климатты сауықтыру бойынша нақты жобаларды қабылдау, өңдеу, сараптамалық бағалау және қолдау ісіндегі ерекше шлюз болмақ. Цифрлық технологияларды қолдану қоршаған орта мен климатты жақсарту саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың хабардарлығын арттырады.

Жасыл технологияларды енгізу жөніндегі жобалар туралы ақпаратты сақтау, өңдеу, талдау және қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған жасыл технологиялардың және/немесе жасыл жобалардың (цифрлық алаң) енгізілуін мониторингілейтін геоақпараттық портал енгізу, оның ішінде өңірлердің экологиялық жай-күйін жақсарту және елдің жасыл экономика саласына дағы тартымдылығын арттыру, сондай-ақ ең озық қолжетімді және жасыл технологиялардың өндірушілері, инвесторлар және бизнес өкілдерінің өзара іс-қимылдарын жақсарту мақсатында ең озық қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) бойынша техникалық анықтамалықтар мен тұжырымдар енгізу.

Қойылған міндеттерді шешу Қоғамның сүйемелдеуіндегі ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстардың қолжетімділік индексінің нәтижелілігіне байланысты: Қоғамның инфрақұрылымын сүйемелдеу; почта сервері (MS Exchange Server); корпоративтік портал (Сайт, Documentolog және т.б.).

Күтілетін нәтижелер:

- жасыл өсу драйвері ретінде Қоғамның беделін көтеру, тегін басылымдар санын және IGTIC брендінің дәйексөздік индексіні ұлғайту;

- алдыңғы қатарлы тәжірибелерді, технологиялар мен жобаларды енгізу бойынша Қазақстанның нысаналы топтарының білім деңгейін көтеру және халықтың қамтылу деңгейін арттыру;

- жасыл технологиялар нарығының мүдделі тараптары өзара іс-қимыл жасайтын цифрлық алаң: кәсіпкерлер, инвесторлар, мемсектор, халықаралық ұйымдар және басқалары);

- интернет-ресурстың сұраныста болуына статистикалық деректер жүргізу.

5-мақсат. Жасыл технологиялар саласында ғылыми-зерттеу платформасын қалыптастыру

Міндеттер:

5.1. Ғылыми-техникалық кеңестің (ҒТК) қызметін қамтамасыз ету үшін жетекші отандық және шетелдік ғалымдар, бизнес-қоғамдастық өкілдері мен сарапшылар қатарынан сараптамалық базаны қалыптастыру және қолдау.

5.2. Ғылыми-техникалық қызмет субъектісі мәртебесін алу (куәлік).

5.3. Жасыл экономика және ЕҚТ саясатын ілгерілету саласында ғылыми іс-шаралар, оқыту семинарлары, дөңгелек үстелдер және біліктілікті арттыру курстарын өткізу.

5.4. Жасыл технологиялардың даму үрдісі мен деңгейін зерттеу, мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламалары шеңберінде талдамалық зерттеулер жүргізу.

5.1 міндеті. Ғылыми-техникалық кеңестің (ҒТК) қызметін қамтамасыз ету үшін жетекші отандық және шетелдік ғалымдар, бизнес-қоғамдастық өкілдері мен сарапшылар қатарынан сараптамалық базаны қалыптастыру және қолдау.

Қоғамда консультативтік-кеңесші орган - Ғылыми-техникалық кеңес (бұдан әрі – ҒТК) құрылады, ол жобаларды әрі қарай іске асыру және қаржыландыру бойынша сараптамалық қорытынды жасау және ұсыныстар беру мақсатында жасыл экономика және ЕҚТ технологияларын енгізу саласындағы ғылыми-зерттеу және инновациялық бағыттар бойынша жобаларды қарастырады. ҒТК өз қызметін мәртебесі, қалыптастыру тәртібі, атқарымдары және негізгі жұмыс істеу қағидаттары белгіленетін ҒТК туралы ережеге сай орындайды.

ҒТК қызметін қамтамасыз ету үшін Қоғам отандық және шетелдік ғалымдар, бизнес-қоғамдастық өкілдері және сарапшылардан сараптамалық база құрады, ол тұрақты түрде өзектендіріліп отырады. Осылайша бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын және қызметтің басым бағыттары бойынша бағдарламаларды орындау үшін Қоғамда жетекші ғалымдар мен ғылыми ұйымдарды тартуға мүмкіндік туады.

5.2 міндеті. Ғылыми-техникалық қызмет субъектісі мәртебесін алу (куәлік).

Ғылыми-техникалық қызметтерді жүзеге асыру және ғылыми-зерттеу жұмыстарды орындау мақсатында Қоғам аккредиттеу алу және ғылыми-техникалық қызметтер субъектісі мәртебесін алу бойынша жұмыстарды жүргізеді.

Қоғам 3 жыл ішінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне аккредиттеу алуға тапсырыс беруге құқық беретін ғылыми активтер пакетін қалыптастыруы керек. Ол үшін Қоғам ғылыми-мақсатты бағдарламалар және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға бірлесіп тапсырыс беру мақсатында 2020-

2023 жылдары кезеңінде ғылыми-зерттеу және ғылыми ұйымдармен әрекеттестік етеді.

Қоғам жасыл технологиялар саласындағы ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар және бағдарламалар бойынша конкурстарға қатысу үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға, салалық мемлекеттік органдарға тапсырыс жасауға арналған конкурстық құжаттама әзірлейді.

5.3 міндеті. Жасыл экономика және ЕҚТ саясатын ілгерілету саласында ғылыми іс-шаралар, оқыту семинарлары, дөңгелек үстелдер және біліктілікті арттыру курстарын өткізу

Қоғам билік органдарының өкілдеріне, техникалық қызметкерлерге, кәсіпорындарға, білім беретін мекемелерге және басқаларға арнап оқу семинарларын, дөңгелек үстелдер, ғылыми шаралар мен біліктілікті жоғарылату курстарын ұйымдастыру арқылы ЕҚТ Бюросына, бизнеске, жасыл технологиялардың иеленушілеріне техникалық және институционалдық әлеует құруға, кадрларды даярлауға және «жасыл» жұмыс орындарына арналған дағдылар мен құзыреттіліктерге кәсіби оқытуға жәрдемдеседі.

Нарықтың барлық қатысушыларына арнап ЕҚТ көшкен кезде ең өзекті өңірлік проблемаларды қамтитын және жаңартылатын энергия көздері, тұрақты энергия ресурстары, қалдықтарды басқару, қалалық инфрақұрылым, тұрақты ауыл шаруашылығы сияқты салаларда қолданылып жүрген әлеуетті ескеретін жұмыс бағдарламасы әзірленеді.

Қоғам жасыл экономика және ЕҚТ технологияларын енгізу саласындағы мамандарды даярлау және қайта даярлау модульдерінің кешенін қалыптастырады.

Қоғам саяси және экономикалық даму бағытын айқындайтын негізгі тұлғаларды, сарапшыларды, жеке сектордың, ғылыми қоғамдастықтың өкілдерін, ЕҚТ Бюросының ТЖТ өкілдерін жұмысқа тартады.

5.4 міндеті. Жасыл технологиялардың даму үрдісі мен деңгейін зерттеу, мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламалары шеңберінде талдамалық зерттеулер жүргізу

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамада климатқа қауіпсіз технологиялар, энергия тиімділігін арттыру және табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану шаралары негізінде ұзақ мерзімді өсуді қамтамасыз ету жолы белгіленген.

Дамудың жаңа тәсілдеріне байланысты тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде тұрақты дамуға қол жеткізуді айтарлықтай жеңілдететін және жеделдететін мүлде жаңа тәсілдер мен технологиялар болуы мүмкін.

Қоғам жасыл технологиялардың даму үрдісі мен деңгейіне зерттеу, оларды бағалау, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы жасыл технологиялар саласының дамуына болжау жүргізетін болады.

Қоғам жаңартылатын энергия көздері, тұрақты энергия ресурстары, қалдықтарды басқару, қалалық инфрақұрылым, тұрақты ауыл шаруашылығы салалары бойынша талдамалық зерттеулер жүргізуге қатысады. Ол үшін қоғам

мемлекеттік органдардың осындай зерттеулерге деген қажеттіліктеріне мониторинг жүргізеді және олардың өткізілетін конкурстарға қатысуын қамтамасыз етеді.

Күтілетін нәтижелер:

- ҒТК жасыл технологиялар нарығында сұраныста болуы (2021-2024 жж.);
- ЖТ саласында ең кемі 3 ғылыми жобаны іске асыру үшін гранттық қаржыландыруды тарту (2023 ж.);
- ЕҚТ-ға көшуді ескере отырып жасыл экономика саласында біліктілікті жоғарылату курстарын тұрақты негізде өткізу;
- ЕҚТ Бюросына, мемлекеттік органдарға және ЖАҰ арнап ұсынымдар дайындау (2021- 2024 жж.);
- мемлекеттік органдарға талдамалық зерттеулер бойынша бюджеттік тапсырыс дайындап, енгізу.

6-мақсат. Қоғамның қызметтерінің тиімділігін арттыру

Міндеттер:

- 6.1. Мамандар әлеуетінің деңгейін жоғарылату.
- 6.2. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету.
- 6.3. Негізгі бизнес-процестерді жүйелендіру.
- 6.4. Стратегия және жұмыс жоспарын іске асыруға мониторинг жүргізу.

6.1 міндеті. Мамандар әлеуетінің деңгейін жоғарылату.

Стратегияны іске асырудың табысы көбінесе Қоғамның кадрлық құрамының сапасына, Қоғамды басқарудың барлық деңгейлерінде оның стратегиялық әлеуетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде адами ресурстардың жоғары экономикалық маңыздылығын мойындауға байланысты болады.

Адами ресурстарды басқару саласындағы саясатты қалыптастыру және іске асыру, сондай-ақ осы қызметтің тиімділік критерийлерін айқындау мақсатында кадр саясаты әзірленетін болады, ол персоналмен жұмыс істеу саласындағы үздік тәжірибені ескере отырып, қазіргі тәсілдерді, кадр менеджментінің жинақталған әдістері мен құралдарын біріктіруге мүмкіндік береді, осылайша персоналды басқару саласындағы компанияның бірыңғай тәсілдемесін қалыптастыруға және құндылықтар жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Адами капиталды жоспарлы дамыту салалық білімі терең әрі құзыретті жоғары білікті мамандарды тарту, оқыту және жібермеуге бағытталған меритократия қағидаттарымен құрылатын болады. Кадрлық саясаттың негізгі элементтері корпоративтік мәдениетті дамытуға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және персоналдың жоғары деңгейде қатысуына, персоналды тиімді іріктеуге және біліктілік пен құзыреттер жүйесін дамытуға байланысты бағыттар болады. Осы мақсатта Қоғам қызметтің негізгі бағыттары бойынша персоналдың құзыретін арттыратын болады. Сондай-ақ сандық (мақсаттар мен

ПӘК бойынша басқару) және сапалық (кәсіби, корпоративтік және басқарушылық құзыреттер жүйесі) құралдар арқылы қызметтің тиімділігін басқару енгізіледі. Қызметкерлердің нәтижелілігін бағалау нақты міндеттерді орындауға байланысты болады және бизнес-үдерістер/қызмет бағыттары бойынша нақты көрсеткіштерге стратегиялық міндеттерді каскадтау жолымен әзірленетін түйінді көрсеткіштермен расталады.

СМАРТ жүйесі бойынша қызметкерлердің қызметін бағалауды енгізу стратегиялық міндеттерді әрбір бөлімше мен қызметкердің жеке мақсаттарымен үйлестіруге мүмкіндік береді. Бағалау процесі қызметкерлерге қызмет нәтижелері туралы кері байланыс беруге және дамыту әрі жақсарту жолдарын айқындауға бағдарланатын болады.

Персоналды таңдау, іріктеу және жалдау саласында жоғары білікті мамандарға сұранысты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін персоналды тиімді таңдауды енгізу мақсатында жоғары білікті әрі перспективалы қызметкерлерді жібермеуге бағытталған іздеудің ерекше формасын - сыртқы және ішкі үміткерлердің бірыңғай базасын құру жоспарланып отыр.

Тәжірибе алмасу және құзыреттілікті дамыту үшін халықаралық тәжірибесі бар, бірақ жергілікті персоналды дамыту үшін білім беру/трансфері сияқты міндетті компоненті бар мамандар тартылады.

Талантты әрі жоғары білікті мамандарды тарту және жібермеу үшін жұмыстағы және тартылатын қызметкерлер үшін мақсатқа қол жеткізуге байланыстырылған бәсекеге қабілетті сыйлықақы, жеке даму жоспарлары және персоналдың қатысуын жоғарылату сияқты бірыңғай біртұтас ұсыныс құра отырып, Қоғам өзінің үздік жұмыс беруші ретіндегі тартымдылығын көтеруі керек.

Осылайша, Қоғам стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудегі негізгі компоненттердің бірі ретінде персоналды дамытуға ерекше көңіл бөледі.

6.2 міндеті. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Бос ақша ағынын арттыру.

Қоғам EBITDA көрсеткіштерін жақсарту және капиталдық салымдарға және әрі қарай дамуға салынатын ресурстарды тиімді пайдалану арқылы бос ақша ағынын арттыруға ұмтылады.

Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясаты валютаны күтілетін әкетілуіне сәйкес алдын ала жинақтау арқылы валюталық тәуекелдерді азайтуы тиіс. Кассалық алшақтықты болдырмау үшін Қоғам «cash pooling» ақша ағынын орталықтандырылған басқару жүйесін енгізіп жатыр.

Қисынсыз көп дебиторлық және кредиторлық берешекке жол бермеу.

Қоғам басқарушылық есептілік жүйесін жолға қоюды жоспарлап отыр:

«cash flow» ақша қаражатының қозғалысы туралы;

дебиторлық және кредиторлық берешек туралы;

сатып алу туралы;

салық төлемдері туралы;

стратегиялық және тактикалық шешімдерді уақтылы қабылдау үшін болжамдық баланс тұрғысында инвестициялық жобаларды іске асыру туралы.

Кредиттік рейтинг алу үшін жүйелі жұмыс істеу.

Қоғамға кредиттік рейтинг алу үшін тұрақты негізде рейтингілік агенттіктердің өлшемдерін жақсарту бойынша бірқатар шаралар жүргізу қажет. Қоғамның кредиттік рейтингісі жақсарғанда және тағайындалғанда инвестициялық қаржыландыру және қарыз қаражаты есебінен жарғылық қызметтерді жүзеге асыру мүмкіндіктері артады.

Бұл міндет Қоғамға: активтер мен капитал құрылымын тиімді басқаруға, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, әлемдік ұқсас жетекші компаниялардың деңгейіне жету және әрі қарай тұрақты өсу үшін басқарушылық шешімдерді қабылдауға ынталандыратын қаржылық жай-күйдің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

6.3 міндеті. Негізгі бизнес-процестерді жүйелендіру.

Стратегиялық бағыттарды тиімді іске асыру үшін және жылдам әрі сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылдарын және әртүрлі операцияларды орындау тәртібін құру қажет. Әрбір қызметкер өзінің атқарымдары мен құрылымдық бөлімшенің алдында тұрған міндеттерді білуге тиіс, сондай-ақ орындаған жұмысының өзі қатысатын процестердегі түпкілікті нәтижеге қалайша әсер ететінін жете түсінуі қажет. Қоғамның стратегиялық мақсаттарына негізгі бизнес-процестерді құру, бақылау және үздіксіз дамыту арқылы қол жеткізуге болады.

Бизнес-процестердің барынша нәтижелілігіне және тиімділігіне қол жеткізу мақсатында Қоғамда бизнес-процестерді *Қоғамның* даму стратегиясын іске асыра отырып, онымен «байланыстыратын» бизнес-процестерді басқару жүйесін құру қажет. Бизнес-процестерді оңтайландыру бойынша ұсыныстарды қалыптастырған кезде мынадай өлшемдер ескеріледі:

- бизнес-процестерге жұмсалатын уақыт шығынын азайту;
- бизнес-процестің бақылануын арттыру;
- ұсынылатын шешімдердің ағымдағы заңнамаға және ішкі құжаттарға сәйкестігі;
- қызмет көрсету сапасын жоғарылату;
- операциялардың қайталануын болдырмау;
- функционалды қайта бөлу;
- операцияларды автоматтандыру мүмкіндігі;
- қағаз құжат айналымын азайту.

6.4 міндеті. Стратегия және жұмыс жоспарын іске асыруға мониторинг жүргізу.

Қоғам қызметтің түйінді көрсеткіштері және оларды әрі қарай стратегиялық деңгейден функционалдыққа және операциялық деңгейге каскадтаудың теңгерімделген жүйесін қамтамасыз ету арқылы тиімділікті басқару жүйесін жоғарылатуға ұмтылады.

Сондай-ақ, басқарушылық есептілік жүйесін жетілдіру де жоспарда тұр. Қоғам ақпаратты жинау және ұсыну жүйесін жолға қояды, оның негізінде менеджмент стратегиялық және тактикалық шешімдерді қабылдайды. Басқарушылық есептілік жүйесі менеджменттің өлшенген, заманауи және көреген шешімдерді қабылдауына жағдай жасайды.

Күтілетін нәтижелер:

- 2025 жылы өзін-өзі қаржыландыруға шығу: 2020 жылы Қоғам бюджетінің ең кемі 40%.

- жасыл технологиялар нарығының ұлттық үйлестірушісі ретінде және жасыл өсу саласындағы халықаралық серіктес ретінде танылу.

IV. Қызметтің түйінді көрсеткіштері

Қоғам Стратегияға 1-қосымшада берілген қызметтің стратегиялық (корпоративтік) түйінді көрсеткіштерін (бұдан әрі – корпоративтік ПӘК) пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге тұрақты мониторинг жүргізеді.

V. Қоғамның Даму стратегиясын іске асыру жоспары

Стратегия 2-қосымшаға сай орындау мерзімдері мен жауапты орындаушылары көрсетілген Қоғамның қызметтері бойынша негізгі іс-шаралар берілген Іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.